

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 қарашадағы № 49-V Заңы.

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеуде жасалған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарт ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарт

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты, 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының (бұдан әрі тиісінше - мүше мемлекеттер, Одақ) өзара іс-қимылын үйлестіру, Одақтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілердің (бұдан әрі - кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілер) қолданылуын және мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кедендік реттеуді біріздендіру мақсатында Тараптар Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасын (бұдан әрі - Біріккен алқа) құрады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

2-бап

Біріккен алқа өз қызметін осы Шартта, кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерде көзделген өкілеттіктердің шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

3-бап

Біріккен алқаны Біріккен алқа мүшелері сайлайтын, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының басшылары арасынан төраға (бұдан әрі - төраға) басқарады. Төраға өкілдік ететін мүше мемлекетті қоспағанда, төрағаның саны мүше мемлекеттердің санына тең болатын, Біріккен алқа мүшелері сайлайтын орынбасарлары болады.

Осы Шарттың мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мыналар болып табылады: Армения Республикасынан - Армения Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті, Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі, Ресей Федерациясынан - Федералдық кеден қызметі.

Төраға және оның орынбасарлары 1 жыл мерзімге сайланады. Біріккен алқаның шешімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Біріккен алқаның отырыстарын төраға, ал ол болмаған жағдайда — төрағаның орынбасары не төрағаның тапсырмасы бойынша Біріккен алқа мүшелерінің бірі жүргізеді.

Біріккен алқаның құрамына төраға, оның орынбасарлары, сондай-ақ мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының басшы қызметкерлері болып табылатын, әдетте, мүше мемлекеттің әрбір орталық кеден органынан тең өкілдік ету ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары алқаларының мүшелері қатарынан Біріккен алқа мүшелері кіреді.

Біріккен алқаның жұмыс тәртібі Біріккен алқаның қарау қорытындылары бойынша төраға бекітетін рәсім қағидаларында айқындалады.

Кедендік реттеуді жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерді басқа органға берген немесе мүше мемлекеттің орталық кеден органының атауы өзгерген жағдайда, мүше мемлекеттің тиісті орталық кеден органы мүше мемлекеттердің басқа орталық кеден органдарына дипломатиялық арналар арқылы бұл туралы дереу хабар береді.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

4-бап

Біріккен алқаның отырыстары, әдетте, кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының кем дегенде біреуінің өтініші бойынша Біріккен алқаның кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

5-бап

Біріккен алқаның негізгі міндеттері:

мүше мемлекеттердің кеден органдарының қызметін үйлестіру;
кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді әзірлеуге қатысу;
өз құзыреті шегінде кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді біркелкі қолдануды қамтамасыз ету;

Одақтың кедендік аумағында кедендік операцияларды жасаудың және тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылауды жүргізудің біріздендірілген тәртібін қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің кеден саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

6-бап

Біріккен алқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

Одақтың құқығына кіретін актілерді іске асыруға жәрдемдесу;

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің, мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасының және сақталуын бақылау мүше мемлекеттердің кеден органдарына жүктелген мүше мемлекеттердің заңнамасының біркелкі сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен жоспарлар мен шараларды дайындау және қабылдау;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының Одақта кедендік реттеу саласындағы өзара іс-қимылының негізгі мәселелерін шешу;

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулы мәселелерді талқылау;

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің іске асырылу барысын талдау және қарау;

кедендік реттеу саласында Одақты дамыту бағдарламаларын әзірлеуге бастамашылық ету және оларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

Одақтағы кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік операцияларды жасау тәртібін және кедендік құжаттардың нысандарын біріздендіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған қызметті үйлестіру;

мүше мемлекеттердің кеден органдарына тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидаларын біркелкі қолдануды қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды қарау және дайындау;

тауарларды кедендік декларациялау және олардың кедендік құнын кедендік бақылау және кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу тәртібін әзірлеу және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау және дайындау;

мүше мемлекеттерде кедендік бақылау жүргізудің біріздендірілген тәртібі сақталуының, біріздендірілген кедендік рәсімдердің біркелкі және тиімді қолданылуының мониторингі;

кедендік бақылау нысандарын және кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

Одақтың кедендік шекарасы арқылы жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізудің біріздендірілген тәртібі мен шарттарын сақтау және осындай тауарларға қатысты біріздендірілген кедендік операцияларды жасау мониторингі;

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының Одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражаты мен ақша құралдарын өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруын, сондай-ақ валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында мүше мемлекеттердің кеден органдары жүзеге асыратын өзге де функциялардың орындалуын үйлестіру;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының контрабандамен, іс жүргізілуі мүше мемлекеттердің кеден органдарының жүргізуіне жатқызылған өзге де қылмыстармен немесе қылмыстық құқық бұзушылықтармен, сондай-ақ мүше мемлекеттердің кеден органдары әкімшілік процесті жүргізетін (іс жүргізуді жүзеге асыратын) әкімшілік құқық бұзушылықтармен (бұзушылықтармен) күрес бойынша өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

мүше мемлекеттердің кеден органдары қолданатын ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды әзірлеуді, жетілдіру мен енгізуді үйлестіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, қару-жарақтың, мүше мемлекеттер халықтарының және шет елдер халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, тыйым салулар мен шектеулерге жататын басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу жөніндегі бірлескен шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыреті шегінде Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жылдамдатуға ықпал ететін, сондай-ақ кедендік инфрақұрылымның дамуын қоса алғанда, мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық байланыстарын, мүше мемлекеттердің кәсіпорындарын, мекемелерін, ұйымдарын және азаматтарын дамытуға жәрдемдесетін шараларды әзірлеу және жағдай жасау, осы шараларды іске асыруды қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде кеден мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысу, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының оған қатысуын үйлестіру;

тәуекелдерге қатысты мүше мемлекеттердің кеден органдары міндетті түрде оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлейтін және қолданатын олардың саласын айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

тәуекелдерді басқару жүйесінің бірыңғай стандарттарын қалыптастыру және оларды Одақ шеңберінде біркелкі қолдануды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің әдіснамалық негіздерін әзірлеу.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

7-бап

Біріккен алқаның:

өз құзыреті шеңберінде кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждардың, салықтар мен алымдардың), арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомасын есепке алу тәртібін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеуге;

өз құзыреті шеңберінде мүше мемлекеттердің кеден органдарының ынтымақтастығын дамытуға, өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылдауға;

Одақтың кедендік аумағында тиімді кедендік әкімшілендіруді қамтамасыз ету үшін шешімдер қабылдауға;

Одақта кедендік реттеу саласындағы мәселелерді дайындау үшін қажетті тұрақты немесе уақытша жұмыс топтарын белгіленген тәртіппен құруға;

мүше мемлекеттердің кеден органдарына кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілер ережелерінің іске асырылу барысы туралы және Біріккен алқа қабылдайтын шешімдерді орындау барысы туралы баяндауды тапсыруға;

тәуекелдерге қатысты мүше мемлекеттердің кеден органдары міндетті түрде оларды мейілінше азайту жөніндегі шараларды әзірлейтін және қолданатын олардың саласын айқындауға;

кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды), арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеуге байланысты ақпарат алмасудың және ақпарат берудің бірыңғай тәртібін айқындауға;

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

8-бап

Біріккен алқа мүшесінің:

Біріккен алқа құзыретінің шегінде кез келген мәселелерді талқылауға шығаруға және қаралатын мәселелер мен Біріккен алқа қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы қажетті ақпаратты алуға;

Біріккен алқаның отырыстарын өткізу орны мен уақыты туралы ұсыныстар енгізуге

;

Біріккен алқаның жұмыс топтарының қызметі туралы қажетті ақпаратты алуға құқығы бар.

Біріккен алқаның мүшесі:

Біріккен алқаны кедендік ынтымақтастықтың қаралатын мәселелері бойынша өз мемлекетінің ұстанымы туралы хабардар етуге;

Біріккен алқа қабылдаған шешімдерді өз мемлекетінің уәкілетті органдарына жеткізуге және олардың орындалуына ықпал етуге;

Біріккен алқа қабылдаған шешімдердің толық және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

9-бап

Біріккен алқаның шешімдері консенсустың негізінде қабылданады, бұл ретте әрбір мүше мемлекеттің бір шешуші дауысы болады.

Біріккен алқаның шешімдеріне төраға және оның орынбасарлары қол қояды.

Біріккен алқаның отырысында төраға (төрағаның орынбасары) болмаған жағдайда, Біріккен алқаның шешімдеріне өкілдік ететін мүше мемлекеттің орталық кеден органының басшысы берген өкілеттіктер шеңберінде тиісті мүше мемлекеттен Біріккен алқа мүшесі қол қояды.

Біріккен алқаның шешімдері қабылданған күннен бастап жеті күндік мерзімде оларды орындау үшін мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының басшылары мүше мемлекеттердің тиісінше әрқайсының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері шегінде шығаратын бұйрықтарымен жарияланады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

10-бап

Біріккен алқа Хатшылығының функциялары Федералдық кеден қызметіне (Ресей Федерациясы) жүктеледі.

Федералдық кеден қызметінің Біріккен алқа Хатшылығының функцияларын орындау бойынша шығыстарын қаржыландыру Федералдық кеден қызметін қаржыландыруға бөлінетін Ресей Федерациясының бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Біріккен алқа Хатшылығы Біріккен алқаның қызметін ұйымдастыруды және ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Хатшылық орындайтын өзге де функциялардың тізбесі төраға бекітетін Біріккен алқа Хатшылығы туралы ережеде айқындалады.

Біріккен алқаның мүшелерін және оның отырыстарына қатысушыларды іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды жіберетін мүше мемлекет көтереді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

11-бап

Орыс тілі Біріккен алқаның жұмыс тілі болып табылады.

12-бап

Мәскеу қаласы Біріккен алқа Хатшылығының орналасқан жері болып табылады.

13-бап

Осы Шартқа ескертулер беруге жол берілмейді.

14-бап

Осы Шартқа жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

15-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.03.2021 № 23-VII Заңымен.

16-бап

Осы Шарт ратификациялауға жатады және қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады.

Осы Шарт Тараптардың осы Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийдің дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Шарттың түпнұсқа данасы осы Шарттың депозитарийі болып табылатын және әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасының

Республикасының

Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Осы мәтіннің 2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.Н.Румас;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Ө.К.Шөкеев;

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасары И.И.Шувалов;

қол қойған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарт көшірмесінің толық және түпнұсқасы болып табылатынын куәландырамын.

Түпнұсқа данасы Кеден одағының Комиссиясында сақталуда.

Барлығы тігілген, қолымен
және мөрмен бекітілген
7 парақта.

Кеден одағының комиссиясы

Хатшылығының Құқықтық

Департаменті директорының орынбасары

М.И. Халимов

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарттың қазақ тіліне аудармасы дұрыс екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Мемлекеттік

тілді дамыту және редакциялау

Басқармасының бастығы

Б. Ахметжанова

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарттың куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Халықаралық құқық

департаментінің кеңесшісі

Б. Мәшіков